

**Картаева А.М.<sup>1</sup>, Қайырбаева А.М.<sup>2</sup>,**

<sup>1</sup>С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры, ф. ғ. д.,

<sup>2</sup>Филология мамандығының магистранты, Өскемен қ., Қазақстан,

e-mail: kartaeva@mail.ru

## **М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ МЕН ЖАРИЯЛАНУЫ**

Мақалада қазақ халқының ұлы шығармасы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы мен жариялануы сөз болады. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазуға кірісерден бұрын Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеп келгенін, арнайы деректер жинап, материалдар іздеп, бұрыннан білетіндерін толықтырып, көп еңбектенгені жайлы айтылады.

Авторлар М.Әуезовтің өз мәлімдеуіне сүйеніп, мақалада «Абай жолы» эпопеясына қатысты материалдар тапшы болғандықтан, ақынның әдеби мұрасы басты деректерінің бірі болған деген ұстанымды негізге алады. Жазушы Абай поэзиясын соншалықты терең түсініп, ақын жанының қыры мен сырын тану арқылы Абайдың бүкіл болмыс-бітімін, тыныс-тіршілігін көзбен көрсетіп, қолмен ұстата білді деген тұжырымға келеді.

**Түйін сөздер:** Абай жолы, роман, эпопея, жазушы, шығармашылық, ақындық тұлға, әлем әдебиеті, қолжазба.

Kartayeva A.M., Kayirbayeva A.M.

### **Origin and publication of M. Auevov's epic novel «the path of Abai»**

Article tells about origin and publication of M. Auevov's epic novel «The Path of Abai». Tremendous work has been done to create this epic novel. He conducted a research in which he studied Abai's works and life, searched for information, and completed current knowledge about Abai.

Authors, basing on the M.Auevov's own material, hold the opinion that legacy novel of the poet is the main source of information, as article has insufficient amount of information. Article concludes that poet interpenetrated Abai's life from different perspectives and portrayed it.

**Key words:** Way of Abai, novel, epic, writer, work, poetic personality, foreign literature, manuscript.

Картаева А.М., Кайырбаева А.М.

### **Создание и публикация романа-эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая»**

В статье говорится об истории создания и публикации романа-эпопеи «Путь Абая» М. Ауэзова. Для создания эпопеи «Путь Абая» автором была проделана огромная работа и прежде, чем приступить к написанию романа, он занимался исследованием жизни и творчества Абая, поиском материалов, сбором специальных сведений и пополнением имеющихся знаний.

Авторы, основываясь на данные самого М. Ауэзова, придерживаются позиции, согласно которой одним из главных сведений является само литературное наследие поэта, так как в статье недостаточно материала относительно эпопеи «Путь Абая». В заключение приходит к выводу, что писатель настолько глубоко проникся поэзией Абая, что смог передать всю сущность и бытие Абая посредством познания всех граней души поэта, его сокровенных мыслей и душевных тайн.

**Ключевые слова:** Путь Абая, роман, эпопея, писатель, творчество, поэтическая личность, зарубежная литература, рукопись.

М. Әуезовтің тынымсыз іздеп-зерттеген, ұзақ уақыт бойына шұғылданған тақырыптарының ең бастысы, негізгісі – халқымыздың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасы және ақындық қызметі. Бұл тақырып оның шығармашылық өмірінің басты мақсатына айналды.

М. Әуезов Абайға арналған еңбектерін жазуды ерте кезден-ақ ойлаған. Сөйтсе де ол Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардан бастап-ақ Абай мұрасының жиналуы мен зерттелуі туралы мәселеге қызу араласа бастаған еді. Абай тақырыбына жазушының нақты қай кезден бастап кіріскені туралы Л.М. Әуезованың деректерінен мынадай мәлімет алуға болады: «М.О. Әуезов өзі мұғалімдер семинариясының шәкірті, ал содан кейін Ленинград университетінің студенті болып жүрген кезінің өзінде-ақ Абайға ерекше ынта қоя бастағанын жазған болатын. Болашақ эпопеяның авторы осы жылдардың өзінде-ақ Абайдың жақындары – зайыптары Әйгерім (1918 жылы қайтыс болды), Ділдалармен (1924 жылға дейін өмір сүрген), ақынның әкесі Құнанбайдың тоқалы Нұрғаныммен, ақын Көкбаймен және басқаларымен әңгімелесіп, сұрастыра жүріп, өз кейіпкерлерінің өміріне тікелей қатысты көптеген қызықты фактілер жинап алған еді. Сондай-ақ қазақ әдебиеті классигінің өмір тарихына байланысты көптеген қызықты мәліметтерді жазушының атасы Әуез айтып берген болатын. Ол Абай Құнанбаевты жақсы білетін, оның үстіне ақынның замандасы еді» [1, 18].

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуды мақсат еткен соң, қалайда ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын терең зерттегені сөзсіз. Алайда, Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын жазуға кірісерден (1937 жылдан) әлдеқайда бұрын Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттеп келгені ақиқат. Бірақ шындап Абай туралы кесек көркем туынды жазуға бел байлаған жазушы арнайы қосымша деректер, материалдар іздеп, бұрыннан білетіндерін толықтырап, тағы көп еңбектенген. «Бұл жерде атап айтатын нәрсе, тарихи деректер, өмірде болған деген оқиғалар. Абайдың өзіне, айналасындағы адамдарға қатысты нақтылы жайлар, сондай-ақ Абай заманын сипаттайтын кезеңдер – бұлар қанша мол, қаншалықты құнды болғанымен көркем шығармаға тек тірек боларлық мағлұматтар ғана. Ендеше, Әуезов абайтанудың негізін салған теңдесі жоқ ғұлама ғалым болғанымен, егер ол сонымен қатар ұлы

суреткер болмаса, «Абай жолы» дүниеге келмес еді дей аламыз», – деген З. Ахметовтің пікірінен М. Әуезовтің ғалым болғанымен жазушылығы болмаса «Абай жолы» роман-эпопеясының дүниеге келмеуі мүмкін емес екенін білеміз [2, 68].

«1942 жылы М. Әуезовтің «Абай» романының бірінші кітабының шығуы қазақ әдебиетінің ғана емес, республиканың мәдени өміріндегі тарихи оқиғалардың бірі болды» [3, 404]. «Абай жолы» роман-эпопеясының жариялануы өте күрделі әрі маңызды жол болды. М. Әуезов алғашында Абай туралы романын үш кітап етіп жазып, «Телғара» деп атамақшы болады. Жазушы 1940 жылы күзде «Абайдың» алғашқы кітабын бітіреді. Қолжазбаның ортасынан асқанда шығарма көлемдене түсіп, 2-ші кітапқа жалғасады. «Телқара» деген аттың орнына «Абай» деп жазылады. Латын әрпімен жазылған қолжазбаны басып шығаруда көптеген қиындықтарға ұшырайды. Ең бірінші, 40-шы жылы графика ауысып, орыс графикасымен қайта жазуға тура келеді. Бірақ ұзақ талқылаудан соң роман латын әрпімен терілуге жіберіледі. Сол уақытта баспаның бас редакторы болып тұрған профессор Б. Кенжебаев ешкімнің рұқсатынсыз 1942 жылы кітапты басып шығарады. Сол үшін Б.Кенжебаевтың жеке басына көптеген қиындықтар туғызады. «Міне, осындай қысталаң, өзексіз тар, өңезе кезеңде Бейсембай Кенжебаевтың тәуекелі – қайталанбас рухани ерлік, қайталанбас кісілік», – деп Қ. Ергөбек ғалымның ерлік ісіне тәнті болады [4, 35]. Байқап отырсақ, Б.Кенжебаевтың азаматтығы мен батылдығы болмаса, «Абай» романының шығу-шықпауы, әрі қарай жазылуы-жазылмауы неғайбыл еді. Осылайша, «Абай» халқының қолына тиеді.

«Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының ұлттық мақтанышы, дана кемеңгері Абайдың өлмес-өшпес, жанды бейнесі суреттеледі. «Абай жолы» әлем әдебиеті тарихында ұлы шығарма ретінде қабылданған. Ол ізгілік пен сұлулықтың шарайнасындай, ақындық даналық пен нәзік сыршылықтың телегей теңізі іспетті. Суреткердің негізгі мақсаты – Абайдың өмір-тарихын ежіктеп көрсету емес, оның рухани кесек, бірегей тұлғасын барша адамзатқа, ғаламзатқа ортақ өнердің жарық жұлдызы екендігін таныту. Жазушы Абайдың кемеңгерлік, ақындық, қайраткерлік, адамгершілік болмысын жан-жақты терең аша білген», – деп ғалым С.Негимов «Абай жолы» эпопеясының құндылығын атап көрсетеді [5, 107].

«Абай жолы» – қазақ халқының әлемге танытқан ұлы шығарма. Халқымыздың дана ойшылы, кемеңгер ұлы, классик ақыны Абай Құнанбаевтың ақындық, гуманистік, демократтық, қайраткерлік тұлғасын сомдай отырып, қазақ елінің жарты ғасырлық тарихын, өмір болмысын, тыныс-тіршілігін, салт дәстүрін кең құлашпен суреттеп берген дәуірлік туындысы. Мұхтар Әуезовтің атын әлемге жайған, әлем әдебиетінде суреткерлік қолтаңбасын қалдырған бас кітабы. Роман-эпопея мәңгілік тақырыпты қозғаған әр заманда да өзекті болып келетін, сан ғасырлар адам баласының сүйіп оқи берер, рухани нәр берер байлығы болып қалады.

Өмір тәжірибесі мен суреткерлік шеберлігі ұштала келе Әуезовтің тарих тереңіне бойлай отырып, басты кейіпкер – Абай образы арқылы бүкіл бір дәуірдегі халықтың әлеуметтік, тарихи шындығын көрсететін көлемі жағынан ірі эпикалық туынды жазу идеясы туындайды. Бұл идея жазушыға аяқ асты келген жоқ. Абай шығармашылығына деген оның қызығушылығы жиырмасыншы жылдардан пайда бола бастайды: ұлы ойшыл-ақынның өмірі, шығармашылығы жайлы деректерді жинастырып, зерттеп, ол туралы мақалалар жазады; ақынның жеке өлеңдерін бастырады; өзі тапқан тың деректермен толықтыра Абай өмірбаянын жазады.

Абайдың өміріне байланысты жазба деректердің аздығы жазушыға көп қиындық туғызады. Сол уақытта болған көптеген оқиғалармен М. Әуезов жас кезінен таныс болған. Эпопеяда өзі сомдап шығатын болашақ кейіпкерлерінің кейбіреулерімен кездеседі. Ақынның өміріне қатысты жазба материалдармен қоса, ауызша деректерді жинағанын М. Әуезов өзі жазған болатын. «Мен роман жазбақ болғаннан кейін, керекті материалды әртүрлі жолмен өзім жинай бастадым. Абайдың жасы қазір жүз онға жуықтады, – өзі маған кездескен жоқ. Сондықтан, мен оның балалық, жастық шағын, жігіт кезін көрсету үшін, Абайды көзбен көрген адамдардың аздаған естеліктеріне сүйенуге мәжбүр болдым. Рас, өзімнің сол Абай шыққан жердің қазағы болғандығымның біраз пайдасы тиді: жасаңдау кезімде Абайды жақсы білетін адамдармен – кемпір-шалдармен кездескенім бар. Олардың кейбіреулері тіпті Абайдан бірнеше жас үлкен де адамдар еді...», – деп жазушы эпопеяға қалай материал жинағанын оқырманға түсіндіреді [6, 109].

М. Әуезов эпопеяға материал жинамақ болып кіріскенде көп нәрсені аңдамай өткізіп алғанын өкініп айтады. Абайды көрген-білген

адамдардың көбі қартайып қалғандықтан, олардың жадынан көп нәрселер шығып кеткені жазушыға қиындықтар туғызады. Абай өмірін биограф ретінде зерттеп жүргенде, М. Әуезов ақын өлеңдерін көп адамның аузынан жазып алып, 40 пайызын ғана қалпына келтіргені туралы мәлімет береді. Абай қайтыс боларынан сегіз жыл бұрын ғана шәкірттеріне өлеңдерін жинастыруды ескерткен. Сол жылдан бастап, ақын өлеңдерінің көбінің нақты жылы белгіленіп отырғанын М. Әуезов атап көрсетеді. Сондықтан «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуда жазушыға Абай өз шығармашылығы арқылы көмекке келгенін мәлімдейді.

М. Әуезовтің өз мәлімдеуіне қарағанда, «Абай жолы» эпопеясына қатысты материалдар тапшы болғандықтан, ақынның әдеби мұрасы басты деректерінің бірі болып саналады. Абай дәуірінің әлеуметтік шындығын терең де дәл түсінуден туған «Абай жолы» эпопеясының тарихи жағынан нақтылығына, оның көркемдік тұрғыдан суреттелуіне ақынның өз шығармашылығы да едәуір көмек болды. М. Әуезов Абай поэзиясын соншалықты терең түсініп, ақын жанының қыры мен сырын тану арқылы Абайдың бүкіл болмыс-бітімін, тыныс-тіршілігін көзбен көрсетіп, қолмен ұстата білді. Абай шығармалары сол дәуірдің әлеуметтік құбылыстарын ашуға көмек беретін жазушы үшін табылмас дерек көздері болды. «Ең анық деректер, – дейді М. Әуезов – Абай өлеңдерінің соңғы жылдарына жатады, бұл кезде ол өзінің достарына өлеңдерін бір кітапқа тиянақтауға рұқсат етті. Демек, маған өз шығармаларымен Абай көмекке келді, 1885 жылдан бастап оның шығармаларының жылдары көрсетілген» [7, 400]. «Абай жолы» эпопеясын жазарда ақын шығармашылығының көп көмекке жарағанын жазушы атап көрсетеді.

Екінші бір пікірінде жазушы сол ойын онан да гөрі нақтылай түседі: «Екінші кітапта, – дейді жазушы, – мен бірінші кітаптан гөрі Абайдың өлеңдеріне жиірек үңілдім және бұл заңды да өмірінің бұл шағында Абай өзінің бүкіл ойын, алған әсерлерін өз туындыларында қалдырып кеткен» [7, 403]. Яғни, жазушы эпопеяның екінші кітабында Абай өлеңдерін көп келтіргенін ескертеді. Жазушының дерегі бойынша, жұмыстың осы бөлімінде «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ақын өлеңдері мен қарасөздерінің қолданылуы мен оның жүзеге асуы мәселелеріне зер салып, арнайы зерттеп көрейік.

«Мұхтар Әуезовтің романы, ең алдымен, поэзия сазына толы, сиқырлы сұлу алыс жағалауға жетелейді. Ол алыс жағалау біз үшін кеңістік пен уақыт қойнауында, бірақ сол тылсым әлем бұл кітапта біздің қазіргі болмысымызбен қандай қоян-қолтық жымдасқан, өйткені ол халықтың тағдыры басқалардан ала бөтен ерекше болып саналмайды», – деп Андре Стилль «Абай жолы» эпопеясын оқығанда алған өзінің әсерін шабыттана жеткізеді [8, 42]. Расында да эпопеяны оқып отырған оқырман өлеңмен өрілген поэзиялық шығарманы оқып отырғандай әсерде болатыны анық.

М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында негізінен көтерілетін мәселе – Абайдың ақындығы мен даналығы. Бізге мәлім тарихтағы Абай – ең алдымен ақын, ойшыл, философ, сазгер. Абайдың қоғамдық-гуманистік еңбегін оның ақындық қызметінен бөліп алып қарауға болмайды. Өйткені Абайдың «надан зұлымға кектеніп, шиыршық атып толғанғанда», халқын прогресс пен өнер-білімге үндегенде негізгі құрал еткені – поэзия, яғни ақынның өз тілімен айтқанда «ұлы сия, ащы тіл». Сондықтан да «Абай жолы» эпопеясында оның ақындығы жайындағы тақырыптың көрнекті орын алуы мейлінше табиғи әрі заңды.

«Абай жолы» роман-эпопеясында Абайдың кемелгер ақын болып қалыптасуы қалай жазылғанын академик-сыншы М. Қаратаев былай сипаттайды: «...Ұлы ақынның кейбір өлеңдері мен әндерінің туу процесіндегі өнерпаздық актыларын, оның философиялық толғануларын сондай шеберлікпен қайта тірілткен. Абайдың ішкі дүниесін суреттегенде Әуезов еш жерде де оның мейлінше нәзік ақын жанының байлығын, сол жанның кереметтей сарындары мен құлпырған құбылыстарын көрсетуге сараңдық, іштарлық қылмайды» [9, 310]. Абай поэзиясы эпопея үшін құнды дерек көздері болды. Бұл мәселе ғалым Е.В. Лизунованың «Современный казахский роман» деген монографиясының «Поэзия Абая – главный документ романа эпопеи» деген бөлімінде қарастырылады [10]. Аталмыш еңбекте эпопеяда кездесетін Абай поэзиясын шығарма мәтінімен салыстыра отырып, «Абай жолы» роман-эпопеясының басынан аяғына дейін Абайдың дәуіріне қатысты оқиғаларды баяндауда, образдар жасауда ақын шығармашылығына сүйенгенін көрсетіп береді.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы ақын поэзиясы туралы академик З. Ахметовтің пікірінде нақты айтылған еді. Мәселен: «Поэзия Абая служила опорой для глубокого постижения социальных и нравственных идеалов поэта, его эстетических взглядов, а также для понимания той социальной среды и исторических условий, в которой эта поэзия родилась» [11, 236].

Өз заманының оқырмандарына жақсы таныс, әрі зор тәрбиелік маңызын кейінгі дәуірлерде де жоймаған Абай поэзиясы эпопея авторы үшін құнды дерек көзіне айналып, соның көмегімен ол ағартушы ақынның шығармашылық мұрасының аса зор қоғамдық мәнін көрсетуге тырысты. Эпопеядағы көптеген көріністерді Абай поэзиясының әсерінен туған деп айтуға толық болады. Бірақ ең бастысы – Абайдың іс-әрекеттерін суреттейтін, рухани дүниесін аша түсетін сәттерді жазушы ақын, ағартушы әрі ойшыл ретіндегі ұлы жетістіктерімен байланыстырады. Шындығына келсек, жекелеген болмаса Абайдың жалпы поэтикалық шығармалары 1886 жылдан дүниеге келген, яғни оларда жасы толысқан (40 жастан асқан) Абайдың өмірінің соңғы жиырма жылындағы ақындық бейнесі, ойлары мен көңіл күйі көрініс тапқан.

Ал эпопеяда болса, Абай тағдырының барлық, яғни он үш жасынан өмірінің соңына дейінгі кезеңдерін көрсету көзделген болатын. 1-кітапта Абайдың он үш жасынан 25-ке дейінгі жасы, 2-кітаптың басында 30-ға тақаған, соңында қырықтан асқан жасы суреттеледі. Осылайша бүкіл 1-кітап пен 2-кітаптың басым бөлігі поэтикалық туындыларында ақынның жас шамасы суреттелген кезеңдерін қамтиды. Ғалым Р. Бердібаевтың сөзіндегі: «Шығарма қаһарманының ақын болуы романистің қиял құсын шарықтата шабытты сөйлеуіне, әлем құбылыстарын ақынның көзімен танып білуіне, романтикалық серпілістерге көтеріліп отыруына мүмкіндік берген», – деген пікірінен эпопеяның бас кейіпкерінің ақын болуы жазушы шабытына айрықша әсер еткенін көруге болады [12, 81].

Дегенмен эпопеяны жазу үстінде Әуезовтің көз алдында оның көркем туындыларындағыдай Абайдың ақындық, азаматтық бейнесі тұрғандығы анық. Сөйтіп эпопея авторы ақынның әрі ағартушының ішкі жан дүниесін көрсете отырып, басты кейіпкер Абайдың сенім ұялататын көркем бейнесін жасады.

### Әдебиеттер

- 1 Әуезова Л.М. М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. – Алматы: Мектеп, 1977. – 272 б.
- 2 Ахметов З. Даналық тағылымы // Абай. – 1997. – № 2-3. – Б. 63-68
- 3 Ысқақұлы Д. Сын талқы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 416 б.
- 4 Ерғөбек Қ. «Абай» романы қалай жарық көрді? / Кітапта: Мұхтар мұрасы – Наследие Мухтара: Ғылыми мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Ш.Ыбыраев, С.Қорабаев. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 352 б.
- 5 Негимов С. Әдебиет әлемі. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 256 б.
- 6 Әуезов М. Шығармалар. 12 томдық. – Алматы: Жазушы, 1969. – 12 т. – 536 б.
- 7 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 555 б.
- 8 Андре Стиль / Кітапта: М.Әуезов тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 432 б.
- 9 Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Қазмемкөркемәдбаспасы, 1958. – 444 б.
- 10 Лизунова Е. Современный казахский роман. – Алма-Ата: АН ССР, 1964. – 305 с.
- 11 Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауэзова. – Алматы: Санат, 1997. – 288 б.
- 12 Бердібай Р. Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997.- 336 б.

### References

- 1 Auezova L.M. «M.O.Auezov tvorchestvosynda Kazakhstan tarihyning problemalari». – Almaty: Mektep, 1977. – 272 p.
- 2 Akhmetov Z. Danalyk tagylymy // Abai. – 1997. – № 2-3. – Pg. 63-68
- 3 Iskakuly D. Syn talky. – Almaty: Sozdik-Slovar', 2005. – 416 p.
- 4 Ergobek K. «Abai» romany kalay zharyk kordi? / Book: Mukhtar murasi – Nasledie Mukhtara: Gylymi makalalar men zertteuler. Draftsman S.Iribayev, S.Korabayev. – Almaty: Kazakhstan, 1997. – 352 p.
- 5 Negimov S. Adebiet alemi. – Almaty: Ana tili, 2008. – 256 p.
- 6 Auezov M. Shygarmalar. 12 vol. – Almaty: Zhazushy, 1969. – 12 vol. – 536 p.
- 7 Auezov M. Ar zhyldar oylari. – Almaty: KMKAB, 1959. – 555 p.
- 8 Andre Stil / Book: M.Auezov taglymy: Adebii-syn makalalar men zertteuler. Draftsman R. Nurgaliev. – Almaty: Zhazushy, 1987. – 432 p.
- 9 Karatayev M. Tugan adebiet turaly oylar. – Almaty: Kazmemkorkemadbaspassy, 1958. – 444 p.
- 10 Lizunova E. Sovremennyi kazakhskiy roman. – Alma-Ata: AN SSR, 1964. – 305 p.
- 11 Akhmetov Z. Roman-epopeya Mukhtara Auezova. – Almaty: Sanat, 1997. – 288 p.
- 12 Berdibai R. Tarihi roman. – Almaty: Sanat, 1997.- 336 p.